ҚАРАТӨБЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ

АКИМ СЕЛЬСКОГО ОКРУГА КАРАТОБЕ

ӨКІМ

«10» қазан 2025 ж/г

Баспаққөл ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 33-НҚ

село Баспакколь

«Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы»

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Заңының (бұдан әрі - Заң) 16-бабының 4, 5, 6 тармақтарына сәйкес және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығының 506,507,508 және 509 тармақтары негізінде, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Қызметтерді сатып алу жөніндегі шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен құжаттаманы сараптау, талдау, тексеру жөніндегі қызметтер бойынша «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК (БСН 190540022580) мекемесімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.
2. Осы өкімнің орындалуын бақылуды өзіме қалдырамын.

Қаратөбе ауылдық округінің әкімі **Ж. Манамбаев**

000033

Scanned with CamScanner

Жаңақорған ауданы, Қаратөбе ауылдық округінің автомобиль жолдарын орташа жөндеу объектілерінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтері бойынша

Түсіндірме жазба

Жаңақорған ауданы, "Қаратөбе ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасыныі "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 16-бабы 3-тармағы 25 тармақшасына сәйкес, Қаратөбе ауылдық округі, Баспаққол ауылындағы №1 көшесінің автомобиль жолдарын орташа жөндеу объектілерінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтері (құны 893212–80 тиын ҚҚС-сыз) мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылғалы отыр.

Қазақстан Республикасының "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 1-бабы 13-3) тармағында–жол активтерінің сапасы ұлттық орталығы жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу, жол активтерін басқару, халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жұмылдыру дайындығын ұйымдастыру жөніндегі функциялар, сондай-ақ автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізу, жөніндегі функциялар жүктелген, автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қарамағындағы заңды тұлға делінген.

Осы ретте, Қаратөбе ауылдық округі, Баспаққол ауылының автомобиль жолдарын жөндеу объектілерінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтеріне өнім беруші болып "Жол активтері сапасының ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны айқындалған.

Қаратөбе ауылдық округінің әкімі **Ж.Манамбаев**